

24 маусым
Сейсенбі,
2025 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ОЙЫЛ

«АУЫЛ КҮНІ» - АЗАМАТТАРДЫҢ БІРЛІГІ

«ТУҒАН ЖЕРДЕЙ ЖЕР БОЛМАС, ТУҒАН ЕЛДЕЙ ЕЛ БОЛМАС» ДЕГЕНДЕЙ ОСЫ ҚАҒИДАНЫ ҰСТАНҒАН ӨР АДАМ АТАМЕКЕН – АЛТЫН БЕСІГІН ЕСТЕН ШЫҒАРМАЙ, ОҒАН ӨЗІН МӨНГІЛІК ҚАРЫЗДАРМЫН ДЕП ЕСЕПТЕЙТІНІ АҚИҚАТ. ПАТРИОТИЗМ – КІНДІК ҚАНЫҢ ТАМҒАН ЖЕРІҢЕ, ӨСКЕН АУЫЛЫҢА, ҚАЛАҢ МЕН ӨНІРІҢЕ, ЯҒНИ ТУҒАН ЖЕРІҢЕ ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІКТЕН БАСТАЛАДЫ. АУЫЛ – ИСІ ҚАЗАҚТЫҢ ҚАРАШАҢЫРАҒЫ, ТҮП-ТАМЫРЫ. БЕРЕКЕ МЕН БІРЛІКТІҢ НЫШАНЫНА БАЛАНАТЫН АУЫЛДАРДА ДА ТАЛАЙ ЕҢСЕЛІ ІСТЕР ЕҢСЕРІЛІП ЖАТЫР. СОНДАЙ АУЫЛДЫҢ БІРІ - ҚАРАКЕМЕР.



Өткен сенбіде сол Қаракемерде туған жерге тағзым ету үшін төл перзенттердің басы қосылған көрікті көрініске куә болдық. Мектеп – ауыл халқы үшін мәдениет пен білімнің, өркениет пен өнердің ұясы. Яғни, игіліктің тұрағына айналған Қаракемер ауылындағы көне мектептің орнынан жақында ауыл жастарының бастамасымен сәнді сахнасымен жасақталған саябақ ашылды. Шынын айту керек, Қаракемер ауылының аумағында бұрын-соңды мұндай ауқымды шара өтіп көрмеген еді. Сондықтан да, ойдағы-қырдағы ауылдастарының бәрін бір мақсатқа жұмылдырып осы шараны қолға алған төл перзенті Марат Арыстановтың

еңбегі ұшан-теңіз. Саябақтың лентасын ауыл ағалары қиса, атсалысқан азаматтарға алғыс айтып, иықтарына шапан жабылды. Мектеп директоры Бақыт Есқалиева игілікті іске үлес қосқан жырақтағы жерлестердің бәріне ауылдастарының алғыс сезімін жеткізді. Бірнеше жыл бойы ауыл азаматтарының еңбегімен жасақталған саябақты тек аша салып қоймай, ауқымды мерекелік шара ұйымдастырылып, алыс-жақыннан келген ағайынға ас берілді. Ұлттық спортпен басталған шарада білекті жігіттер ат үстінде сынға түссе, палуандар боз кілемде белдесті. Аударыспақта Алға ауданынан келген Ерасыл Қосыбайға финалда қаракемерлік Дастан Жауғаштиев жолын беріп, қонаққа ізет көрсетті. «Ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын!» деп тілейтін қазақтың делебесін қоздырған қызықтың көкесі қазақ күресі болды. Өйткені, күреске сайдың тасындай салмағы 100 килодан астам жігіттер тіркеліпті. Арасында «құлжаның асығындай», артық қырым еті жоқ, «қайыңқаптал» бір-екі шымыр бала болды. Соның бірі ақшатаулық Есболат Шәуменов екен. Ө дегеннен-ақ шалт қимылымен көзге түскен Есболат салмағы өзінен екі есе басым небір алыптарды алып ұрды. Тек финалға шығарда

қанша шымыр болса да шаршады. Мұғалжарлық Қуандық Ерқосай екеуі үшінші орынға қол жеткізді. Ал, финалда ақтөбелік Ерасыл Амангелді мен мұғалжарлық Ердаулет Есенжол белдесіп, Ерасыл бас жүлдеге тігілген 100 мың теңгені иеленсе, Ердаулет 50 мың теңгені еншіледі. Арқан тартыста көптоғайлық жігіттер жеңімпаз атанса, екінші орынның жүлдесі қараойлық жігіттердің қанжығасында кетті. Қаракемердің жігіттері үшінші орынға ие болды. Қошқар көтеру мен қозы көтеру сайысында да жеңіске жеткен қайратты жігіттер ұйымдастырушылардың тіккен жүлдесіне ие болды.

Қаракемердің жігіттері үшінші орынға ие болды. Қошқар көтеру мен қозы көтеру сайысында да жеңіске жеткен қайратты жігіттер ұйымдастырушылардың тіккен жүлдесіне ие болды.

ӘКІМ САЙЛАУЫ - 2025

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ҚАРАОЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТІНІҢ ӘКІМДІГІНЕ КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 113-5-бабына сәйкес Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Қараой ауылдық округінің әкімдігіне төмендегі кандидаттарды тіркеді:

Айтқалиев Нұрлан Айсәулі - 1995 жылы дүниеге келген, «Ойыл ауданы әкімінің аппараты» ММ-нің ақпараттық қауіпсіздік және мемлекеттік қызмет көрсетуді талдау бөлімінің басшысы, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылының тұрғыны, өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған.

Наурызбаев Алмат Наурызбайұлы - 1993 жылы дүниеге келген, «Сарбие ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің бас маманы, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Сарбие ауылының тұрғыны, өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған.

Майканов Абзал Сансызбайұлы - 1991 жылы дүниеге келген, «Қараой мектеп - балабақшасы» КММ-нің директоры, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Қараой ауылының тұрғыны, «АМАНАТ» партиясы ұсынған.

СЕССИЯ

МӘЖЕЛІ ЖҰМЫСТАРДА ТЕК МЕРДІТЕРЛЕР КІНӘЛІ МЕ?

Өткен аптада аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолдиннің төрағалық етуімен аудандық мәслихаттың кезекті жиырма үшінші сессиясы өтті. Сессия жұмысына аудан әкімі Асқар Қазыбаев, аудан әкімінің орынбасарлары, аудандық мәслихат депутаттары, аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы, тиісті мекеме басшылары, ауылдық округ әкімдері қатысты. Алдымен күн тәртібіне ұсынылған «2024 жылғы аудандық бюджеттің атқарылуына жүргізілген бақылау қорытындылары туралы» хабарлама тыңдалып, «2024 жылғы Ойыл аудандық бюджеттің атқарылуы жөніндегі есепті бекіту туралы» аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Б.Әділхановтың хабарламасы талқыланды. Одан кейін ауылдық округтердің әкімдері «Өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы және облыстық мәслихаттың қағидаларының орындалуы туралы» хабарлама жасады.

Әкімдерге депутаттар тарапынан бірнеше сұрақтар қойылды. Өйткені, кейбір округтерде мемлекеттік бағдарламалардың орындалуы тым кешеуілдеп жатыр. Бақылаудың кемшілдігі сияқты басқа да кемшіліктердің салдарынан жосықсыз мердігерлер құрылыстарды аяқтау мерзімін кешеуілдетіп отыр. Ал, аудан әкіміне жолдаған депутаттық сауалдарында Ойыл аудандық мәслихатының депутаты Жангүл Ізгарина Ойыл селосына әлі де бірнеше ойын алаңдарының керектігін көтерсе, Назгул Ешпанова Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округке қарасты Қарасу ауылына дербес ұялы байланыс жүйесінің қажеттігін жеткізді.

ТАҒЫЛЫМДЫ ТАҒЗЫМ



Кешегі күннің қаһармандарын бүгінгі ұрпақ ұмытпасын деген мақсатпен Шүкір Еркінов көшесіндегі №53 үйдің қабырғасына Орынбасар Омарұлы және Жаңыл Зұлқарнайқызына арналған мемориалдық тақта орнатылды. Бұл — қа-

рапайым ауыл қызының тағдыры арқылы тұтас дәуірдің тарихына тағзым ету, ұлттың ұмытылмас ұл-қыздарын ұлықтау. Салтанатты шарада аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев, «Ойыл ау-

данының Құрметті азаматы» Ғазиз Займолдаұлы және осы іске ұйытқы болған Рахым Қарабадиев тебіреніспен сөз сөйлеп, көпшілікке тағылымды ой тастады. Жаңыл Зұлқарнайқызы мен оның жары, соғыс ардагері Орынбасар ақсақалдың ерлігі – бүгінгі ұрпақ үшін мақтаныш. Тасқа қашалған есім – жүрекке таңбаланған естелік. Рухына тағзым ету – тірілердің парызы, есімін есте сақтау – ұрпақтың аманаты. Орынбасар Омарұлы 1922 жылы Ақтөбе облысы Ойыл ауданында дүниеге келген. Ойыл орта мектебінде оқып, 1940 жылы әскерге аттанады. 1941 жылы Ұлы Отан соғысына кіреді. Екі рет жарақат алған. Екінші ауыр жарақатынан кейін елге келіп Ойыл орта мектебінде шаруашылық меңгерушісі болып қызмет атқарған. Ұлы Отан соғысында екі мәрте «Қызыл жұлдыз» орденімен және басқа да медальдармен марапатталған. Өмір өзенінің арнасы терең, тарихтың иірімі қатпарлы. Сол өзеннің бір сағасында Жаңыл Бақтыгелдина атты аяулы

жанның өмірі басталған еді. Ол 1925 жылы Ақтөбе облысында кездегі Новоресий ауданына қарасты шағын ғана Мағаджан деген ауылда дүниеге есігін ашты. Сонау кең дала төсіндегі қоңыр ауылда туған қыз тағдырдың жазуымен тарихтың қақ төрінен орын алатынын өзі де білген жоқ. Жастайынан қажырлы, өжет болып өскен Жаңыл Зұлқарнайқызы небәрі 17 жасында ел басына күн туған кезеңде Отан алдындағы борышын өтеуге аттанып, 1942 жылы Ресей Федерациясының Владимир облысындағы әйгілі Владимир әскери училищесін бітіріп, Совет Армиясының офицері шенін иеленеді. Бұл – нәзік жанды қыз бала үшін үлкен ерлік еді. Униформасын киіп, қару асынған Жаңыл апай 1942-1943 жылдары Краснояр өлкесінде трактор тізгіндеді. Ол тек еңбек майданында емес, соғыс даласында да қайсар мінез, темірдей тәртіп пен ерлік көрсетті. Сталинград шайқасының от-жалынына шарпылып, Еділдің екі жағалауындағы кескілескен ұры-

старға қатысты. Оның ерлігі еленіп, 1945 жылдың 9 мамырында КСРО Жоғарғы Президиумының Жарлығымен Ұлы Отан соғысына қатысқаны үшін медальмен марапатталды. Орынбасар Омарұлы мен Жаңыл Зұлқарнайқызының өмірі – тек бір адамның тағдыры емес, бұл – тұтас бір ұрпақтың батырлығы мен төзімінің айғағы. Ол – бейбіт күннің қадірін соғыстың зұлматы арқылы түсінген асыл жандардың бірі. Тағзымдық шара ертеңгісін Ұлы Отан соғысының ардагерлері Қожас Қарабадиев пен Жаңыл Бақтыгелдинаны еске алуға арналған волейболдан дәстүрлі турнирмен жалғасты. Жас ұрпақты ерлік пен отансүйіштік қасиеттерге баулып, бұқаралық спорт арқылы салауатты өмір салтын қалыптастырып, ауыл спортын ілгерілетіп, жастар арасында достық пен ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған турнир биыл жиырмасыншы рет ұйымдастырылып отыр. Алғашында аймақтық дәрежеде өткізілген жарыс қазір ауданның командаларымен

шектеліп отыр. Бірақ, одан жарыстың деңгейі төмендеген жоқ. Командалардың шеберлік деңгейі төңесіп, бәсекелестік жылма-жыл артып келеді. Мәселен, бұрын мұндай жарыстарда ауданның орталығындағы командалар қарсыластарына дес бермейтін еді. Соңғы жылдары бәрі де жүлдеге қол созып жүр. Биыл, Кемер командасы чемпион болса, Ш.Берсиев атындағы ауылдық округтің құрама командасы күміс жүлдеге ие болды. Ал, қол жүлдеге Қараталдың жастар командасы қол созды. Қыздар арасындағы жарыста Қайыңдыдан келген арулар алдына жан салмаса, екінші орынға Қараойдың қыздары қол жеткізді. Ойылдағы іргелі мектеп Ж.Жүсіпбаев атындағы мектептің волейболшы қыздары үшінші орынға иеленді. Ардагерлер рухына тағзым ретінде ұйымдастырылған турнир – тек спорттық жарыс қана емес, елдің ертеңі үшін маңызы зор тарихи-тәлімдік шара болды.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

ДӘСТҮР НЕМЕСЕ ДАҢҒАЗА: ҚОҒАМДА ТОЙШЫЛДЫҚТЫҢ МАҢЫЗЫ ҚАНДАЙ?

Кейінгі 10-15 жыл аралықта Қазақстан қоғамында тойшылдық, басқосу болғанда да дүркірете думан өткізу белең алды. Үйлену тойынан бастап, бесік той, тұсаукесер, туған күн, қоныс той – жалғасып кете береді. Әрине, бұл – әркімнің өз еркіндегі дүние, қуанышқа шығындалуды жақсылыққа балайтындар бар. Дегенмен көбі әсірелеуге, елден дарақылануға бағытталғанын айтушылар да кездеседі. Осы тұста Kazinform агенттігінің аналитикалық шолушысы той өткізуді әлеуметтік, мәдени және экономикалық тұрғыда бағалауға тырысты.

КӨРШІ ЕЛДЕРДІҢ НӘТИЖЕСІЗ ТӘЖІРИБЕСІ
Бұған дейін Қазақстанда да тойларды шектеу, «ысырапшылдыққа жол бермеу» секілді бастамалар мінберлерде арагидік айтылды. Мәселен, 2020 жылғы карантин кезінде Мемлекеттік хатшы болып тұрған Қырымбек Көшербаев тойларды заңмен реттеу жөнінде пікір айтып, жиындарды бір ізге түсіру керегін сөз еткен.
Әрине, ол кезеңде мұндай пікірдің айтылуы түсінікті де, пандемия қысып тұрған шақта көпшіліктің жиналуына тыйым салынған болатын.
Бір қызығы, індет уақытында қазақтың тойы саябыр-сығандай көрініп еді. Мейрамханада жасырынып той жасағандарды айппағанда, тек ағайын-туысын жинап, шығынсыз шағын той жасағандар көбейді. Қоғам «дүркіретіп той жасау осымен бітеді» деп болжаған. Алайда пандемия бөсендей бастаған тұста той үрдісі қайтадан жандана кетті. Сонымен, билік той-жиындар өткізу тәртібін заңмен реттеуді қолға алды делік. Бірақ жағдай өзгере қоюы мүмкін бе? Бұл тұста басқа елдердің тәжірибесіне үңілеміз. Әсіресе Орталық Азия елдері тойшыл екені жасырын емес. Басқосуларды бұған дейін Қазақстанға іргелес жатқан Қырғызстан да, Өзбекстан да заңмен реттеуге тырысты.
«200 адамнан артық шақырмау, даңғазалыққа салынбай, көп шығындалбау, сағат 23:00-ге дейін жиынды аяқтау» секілді бірнеше талаптар енгізген. Орындамаған жағдайда өтемі – айппұл. Өзбекстанда оның көлемі қарапайым азаматтар үшін 300 доллар, қызметтегілерге 865 доллар болып бекітілді.
Алайда Өзбекстан билігі одан аса бір нәтиже көрмеді, жағдайы жеткендер айппұлын төлеп қойып, алаңсыз той өткізді.
Кейбірі жасырынды, оның үстіне бақылау да қатты болмағанға ұқсайды. Себебі жыл сайын үлкен жиын өткізгендерге салынған айппұл мөлшері ауыз толтырып айтуға келмейді. 2021 жылы 15 іс қозғалса, 2022 жылы ережеге бағынбағандар мүлде болмапты-мыс. Ал 2023 жылы – 4, 2024 жылы – 9 сот шешімі шыққан.
Быыл сәуірде Өзбекстан билігі той-жиын өткізуге қатысты талаптарды қайта пысықтап, заңды қатандатуға таппыныс жасайтынын мәлімдеді. Дегенмен бастаманы құптамайтындар да жетерлік. Біріншіден, той да ұлт мәдениетінің ерекшеліктерінің бір бөлігі саналады.
Екіншіден, қанша жерден мемлекет Конституция арқылы адамдардың қарым-қатынасын реттеуге құзырлы болғанымен, халық көбіне дәстүрлі санадағы «жазылмаған заңдарға» көбірек бет бұрады.
«БӨРІНЕ БІРЖАҚТЫ КӨЗҚАРАСПЕН ҚАРАМАҒАН АБЗАЛ»
Біз ең әуелі бір сауалға жауап іздедік: тойшылдық бірнеше ғасыр бойы келе жатқан ұлттық ерекшелік пе, әлде кейінгі онжылдықтарда қалыптасты ма? Мәдениеттанушы Бердалы Оспанның айтуынша, адамзат әуелден қуанышын

бөліскенді қалайды. «Той» сөзінің шығу тегі де бір бөлек әңгіме, яғни, қуанышпен бөлісіп, адамдардың көңілін тойдыру десек болады. Бұндай кезде дастархан жайылады, тойдыру сөзі екінші жағынан асқа қатысты да айтылады.
– Қазақ тарихы сақ заманынан басталады. Той ерте заманнан бері бар деп айта аламыз. «Айман-Шолпан» жырын оқысаңыздар, қазақтың бір дәмі – қымыздың тойларда өте көп болғанын байқайсыз. Мысалы, «Байлығы Маман байдың жаннан асқан, Терісін бес айғырдың саба қылған» делінеді. Бес айғырдың терісінен қаншама саба шығатынын, қанша көлемде қымыз сыятынын есептей беріңіз.
Әрі қарай «Терісін бес айғырдың саба қылып, Сабасы атаныпты Түйемойнақ» делінеді. Тағы бір нұсқасында «сабасы атаныпты алтын піспек» дейді. Сол кезеңде қонақтарды қазақтың үш жүзінен де шақыратын болған. Көбірек адамды шақыру, көпшілікпен қауышу – ұлттың табиғатына тән, – дейді сарапшы.
Сондай-ақ мәдениеттанушы бізге бір ерекше жайды еске салды. 19-ғасырда Қазақстан жеріне жер аударылып келген Польша революционері Адольф Янушкевич «егер экватор бойымен қазақтарды орналастырса, онда жерді тегін айналып өтуге болады» деп жазған. Бірнеше жыл қазақ даласында айдауда жүріп, Абайдың әкесі Құнанбаймен, Орынбай ақынмен таныс болған, қазақтың қолы ашық екенін көрген.
Қарапайым күнде елдің қолы ашық, ал қуанышта одан бетер жомарт. «Аста-төк» деген сөздің астары да сол тойға қатысты.
– Қазақ үшін қуаныштың ең үлкені – сабилі болу. Кейін баланы аяқтандырам, қызды құтты орнына қондырам деп тырысады. Сол сәтке жеткенде қуанышын бөліседі, той береді. Оның маңызын білгісі келетіндер Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» кітабын оқыса жеткілікті.
Демек, тойшылдықтың сынаудың қажеті жоқ. Қай істе де бір келеңсіздіктер болып тұрады. Әсірелеп өткізілген бір тойды көрген жұрт барлық той осындай екен деп ойлайды. Бұл – дұрыс емес. Иә, бұрынғы тойларда шашпалық жоқ секілді көрінеді.
Алайда ол заманда асып-тасып той өткізуге халықтың әл-ауқаты жетпеді. 20-ғасырда қазақ жақсы өмір сүрді деп айта алмаймыз, өйткені шашатын дүние де болған жоқ, – деп қосты Бердалы Оспан.
Сарапшы 20-ғасырға дейінгі, сол ғасырдағы, қазіргі тойлардың әртүрлі, бір-біріне ұқсамайтын болғанын жеткізді. Адамдардың барлығы бірдей бай болмайды, әркім шама-сы жеткенше думан жасайды. Бірақ адамның жағдайы төмендеу екен деп «той жасама» деп айту – дұрыс пікір емес. Той бір жағынан қуанышын бөлісу ғана емес, қоғам алдында есеп беру. Еңбекпен жеткен қай адамның да қуаныш-думан өткізуге хақы бар екен.
– Қазақта шашу деген салт бар. Түбірі – «шаш». «Қыз Жібек» жырында соғыс бітіп, сүйіншілегенде Жібек ат үстінде шауып келе жатып өзінің барлық әшекейлерін лақтыра беретін тұс бар.
Ол – өте қымбат бұйымдар. Бірақ қуаныш бұйымнан да қымбат, ішке сыймайды. Әр ұлттың өз ерекшелігі бар, ал тойшылдық – қазақтың ерекшелігі.
Мәселен, менің санамалап шығуым бойынша, қазақта «а» әрпінен басталатын 82 салт, «т» әрпінен басталатын 116 салт бар екен. Оның бәрі де ұлттың өмірсүйгіш екенінің көрінісі.
Кейінгі 10-15 жылда жұртшылық қымбат мейрамха-

наларды жалдап, той бере бастаса, оған қуану керек. Демек, халықтың әл-ауқаты жақсарып келе жатыр. 20-ғасырда жақсы той өткізе алма-са, жағдай жетпегендіктен. Жағдайы жеткендерге байлықты көрсетуге тыйым болды. Бірақ өткен ғасырда да үлкен басшылар мейрамханаларда аста-тек той жасағаны белгілі, – деді мәдениеттанушы.
Той – болашаққа сенудің бір көрінісі. Бердалы Оспан оны діни не басқа да сенімдермен байланыстырудың қажеті жоғын жеткізді. Және тойды дарақалық деп айыптау да жөн емес. Той өткізер адам 500 адам жинай ма немесе мың, 10 мың болсын – өзі біледі, себебі бұл оның адамгершілік құқы. Жақсы жағы да, кем жағы да болатыны даусыз. Бірақ теріс жағын көре беруге болмайды.
– Бір мысал айтайық, ертеде құда күткенде жолдарына бірнеше кілем төсейтін болған. Киіз үйге бет алған оларды жиналған жұрт қошеметтеп тұрады. Сол кезде дәл киіз үйге кіреберісте жайылған кілемнің астына ор қазылатын болған. Масаттанып келе жатқан құдалар аяқ асты сол орға құлайды. Ал жиналғандар мез бола күліп, үстеріне гүл шоқтарын лақтырады.
Бірақ оған құдалар ренжімейді, керісінше бәрінің көңіл-күйі көтеріліп, қазіргі тілмен айтқанда ерекше шоу көрсетіледі. Енді осыны дарақалық деп атауға бола ма? Сынау – жамандау емес. Қымбат мейрамханаларға келсек, оны жалдау – нарықтың, экономиканың заңдылығы. Сұраныс болған жерде ұсыныс болады. Сондықтан бәріне қатып қалған көзқарастармен қарамаған абзал, – дейді маман.
Дегенмен салт та уақыт өте түрленіп отырады екен. Үлкендер жағы мына жерге дейін осылай болады, қалған кезде шектен шығасың деп жөн көрсеткені дұрыс.
Бұл дүниелерді тыя алмаймыз. Бердалы Оспан қазір арагидік көрініп қалатын ерсілік немесе артық кетушілікке халық кінәлі емес екенін алға тартады. Салттарға қатысты қаншама зерттеулер, ғалымдардың еңбегі бар. Теледидар арқылы аққарасын айтып отырса артық етпейді.
– Бүгін дарақалық болып көрінген нәрсе, ертең тарих болуы мүмкін. Бұрын қазақтың тойында өнер көрсетушілер ортаға атпен шыққан. Бәйге, көкпар, теңге ілу секілді ойындар өткізіліп жатады. Ежелде түйе шешу ойыны болған. Берідегі Құнанбайлардың кезінде де өткізілді. Қазіргі көзбен қарасақ, ол – нағыз дарақы ойын, бірақ сол уақыттағы адамдардың бәрін сол үшін жабайыға жатқызуға бола ма? Кесімді билік айтуға асықпау керек, мәнін білгіміз келсе тарихқа үңілгеніміз жөн, – деп қорытындылады мәдениеттанушы.
ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ТОЙҒА ҚАНША ҚАРАЖАТ ЖҰМСАЙДЫ?
Ендігі кезек – экономикалық жағы. Той өткізілген соң шығынсыз болмайтыны анық. Шығынның ең үлкені ретінде ресторан жалдау ақысын қарастырамыз. Мысалы, қазір мегаполистерден өзге облыс орталықтарындағы мейрамханалар 1 адамға ең арзаны 10-15 мың теңгеден алады. Сәл қымбаттаулары 20-30 мың, қалтасы көтеретіндер үшін 50 мыңнан жоғарылары да жетерлік.
Үйлену тойына көбіне орта есеппен 200-300 адам жиналады. Осыдан-ақ жұмсалар қаржыны шамалаңыз.
Дегенмен шығын онымен бітпейді. Құдалардың бір-біріне апарар киіті, алтын бұйымдар, қымбат тондар, қыз жағының түрлі жиһаздан құралатын жасауы бар. Жағдайына қарай 1 млн теңгеден басталып, өсе

береді. Той иелері думанға сәнденіп баратыны айтпаса да белгілі. Тек қыздың өзі қас жасату, кірпік жалғау, маникюр мен педикюр, макияж, шаш сөндеу, әрісі той көйлегіне қаржы жұмсайды.
Жастар жағы той серуені деп қымбат көліктер жалдап, безендіруге құмар. Ал басқосуды жүргізетін тамада, өнші және бишілер, фотограф, ойынға арналған сыйлықтар – шығынды тағы үстемелейді. Қонақтарға көрсетілетін бірнеше минуттық Love story және бар, маманының шеберлігі мен тәжірибесіне қарай 100 мың теңгеден бастап өсе береді.
Біздің бұл тізбектегеніміз тек мейрамханада өткізілетін бір-күндік тойдың шығындары. Әйтпесе, қыз жұртының ұзатуы, жігіт жағы өткізетін беташар, құдалық секілді жөн-жоралғы жетіп артылады.
Осы тұста көкейде бір сұрақ туындайды: «қазақстандықтар бір жыл ішінде той өткізуге қанша қаржы жұмсайды?». Тұтынушылық несиелердің ішінде қанша пайызы той жасау үшін алынғаны жөнінде нақты статистикалар жоқ. Оның нақты есебін анықтау мүмкін де емес болады.
Дегенмен кей деректерге сүйеніп болжам жасауға негіз бар. Мәселен, 2024 жылы Қазақстанда 123 651 неке қиылған. Елімізде тойсыз өтетін рәсімдер өте сирек, шамамен 100 мың неке қиюшы той өткізді деп есепке алайық. Материалдық жағдайы бары да, жоғы да өткізген әр жиынның шығыны жоғарыда айтқандай орта есеппен 10 млн теңге деп қарастырамыз. Сонда жалпы қорытындысы 1 трлн теңге.
Қазақстандықтар тек үйлену тойларын өткізу үшін жылына шамамен триллион ақша жұмсайды деп қорытындылауға болады. Оның үстіне біз бесік той, тұсаукесер немесе «60 жас» секілді туған күн басқосуларын қоспадық.
«ТОЙ ИНДУСТРИЯСЫ ШАҒЫН БИЗНЕСТІ ҚОЛДАП ОТЫР»
Экономист Мағбат Спановтың сөзінше, той мәселесіне қатысты тек сандарға сүйеніп ой қорыту, тұжырым жасау жөн емес. Өйткені біздің қоғам – дәстүрге бай, ұлттық салт-дәстүрлер мен құндылықтар әлі күнге дейін сақталған. Қаласақ та, қаламасақ та, біз осыны ескеруіміз керек.
– Иә, той шығындары елдегі орташа жалақы деңгейіне сәйкес келмейтін шығар. Бірақ тойды қаржыландыру деңгейі де әртүрлі екенін түсінуіміз керек. Адамның әлеуметтік жағдайы, табыс табу мүмкіндігі жоғары болған сайын, тойдың деңгейі де соған сәйкес өседі. Бұл жерде шын мәнінде шексіздікке ұмтылу байқалады.
Ал қаржылық сауатсыздықтың той өткізуге тікелей қатысы жоқ. Қаржылық сауатсыздық деген не? Мысалы, Үкіметтің ауыр әрі қайтарылуы қиын несиелер алуы, халықтың несиесінің кесірілуі не болмаса Үкіметтің өзі шамадан тыс қарызға батуы – қаржылық сауатсыздықтың нәтижесі деп айтылады, – деді сарапшы.
Әйтсе де көбіне жастар немесе ата-аналар төлеуге шамасыз жетпейтін несиелер алып, өтеп жүруге мәжбүр болатыны рас. Бір жылдың ішінде қонақтардан келген сыйлық немесе жалақы арқылы өтеп тастаса түсінер едік. Бірақ өмір сүру деңгейі оған мүмкіндік бермейді. Бұған қарамастан адамдар тырысып жатыр. Дегенмен оның оң жағы бар. Бестігі бір дәрежеде бәрі дәстүрге сай өрехтеді. Той – жақсылыққа жиналу, өзара қарым-қатынас пен жақын ортаны сақтау. Бұл – қазақстандықтар үшін өте маңызды фактор.
– Мен тағы бір маңызды тақырыпты қозғар едім. Соңғы қоңырау болып, мектепті

аяқтаған жастар кеш өткізеді. Оқу-ағарту министрлігі осы мәселелермен жиі күресіп жатады. Бірақ адам 11 жылын оқуға арнаған екен, енді сол мектепке, сыныптастарына, ұстаздарына алғыс айтуға, қоштасуға моральдық құқығы бар ғой. Осыдан кейін әркім өз жолымен кетеді, ересек өмір басталады.
Әрине, әр отбасының жағдайы әртүрлі. Бірақ мемлекет тыйым салуды емес, бақылауға алып, бірыңғай форматта өткізуді қолға алуы қажет.
Той мәселесі де осыған ұқсайды. Адам өзі есептеп, өзі шешім қабылдайды. Егер ол осы процесті өзі толықтай өткермесе, қаржылық сауаттылыққа қалай үйренеді? Айтып түсіндіру бір бөлек, ал адам өзі бір рет несиімен той өткізіп, кейін соны жауып, қарыздан шыққаннан кейін ғана әлдеқайда ақылды, тәжірибелі болары сөзсіз, – дейді экономист.
Мағбат Спанов тойларға шектеу қою, тыйым салу немесе әкімшілік әдістермен реттеу – дұрыс бастама емес әрі түсініксіз боларын сөз етті. Мысал ретінде Горбачевтың «құрғақ заңы» кезеңінде тойлардың ресми түрде ішімдіксіз өткенін айтты. Бірақ келген қонақтардан «ашық шай ма, қою шай ма, қандайын ішесіз?» деп сұралатын. Ашық шай дегені – арақ, қою дегені – коньяк еді. Яғни, ел бәрібір амалын тапқан.
– Той – дәстүр. Әркім өз қалтасына қарап шешім қабылдайды. Бірақ заң жүзінде, әкімшілік жолмен тыйым салу – бұл адамның жеке өміріне араласу. Тек осылай талқылай аламыз.
Үйлену тойы индустриясында өте көп адам жұмыс істейді. Бұл тек шоу-бағдарлама емес, бұл саланың құрамына киім тігу, қызмет көрсету де кіреді. Шын мәнінде оның бәрі – шағын бизнес. Мұнда бүкіл тізбек қамтылады, тіпті, агросектор сияқты іргелі салаларға дейін бар.
Үкімет үнемі шағын бизнесті қолдау туралы айтады. Егер мұны әкімшілік жолмен реттеп, адам санына немесе шығынға шектеу қоятын болса, бұл саланың көбі көлеңкелі секторға өтіп кетуі мүмкін. Мысал ретінде тағы өткен ғасырдың 80-жылдарындағы «құрғақ заң» кезеңін айтамыз.
Сол кезде аяқ асты көлеңкелі нарық арқылы байыған миллионерлер шықты. Мемлекет бір мәселеге тым қатты араласатын болса, бізде де сондай жағдай қайталануы мүмкін, – деп дәлел келтірді сарапшы.
Жалпы, маман сөзіне сенуге болады. Қазір Қазақстанда көлеңкелі экономиканың үлесі онсыз да ЖІӨ-нің 20-30%-ын құрап отыр. Шектеулер бұл көрсеткішті бірнеше пайызға үстемелеуі мүмкін.
Спановтың сөзінше, мемлекет тек ағартушылық бағытта жұмыс істеуі қажет, бірақ тікелей араласпағаны жөн. Шығын мөлшерін шектеу, қанша адам шақыру керек деген секілді талаптар қою – дұрыс емес. Мемлекет тек бір жағдайда араласа алады – той біткен соң қаржының заңдылығын тексеру. Бизнеске қатысы жоқ бір шенеунік несиі алмай-ақ 200-300 мың долларға шығындалсауа хақы жоқ. Ал той деңгейіміз қазақ үшін тек бір шара емес, бұл – сені тәрбиелеп өсірген үлкендерге деген құрметті көрсету. Сондықтан «вастернизациялаудың» қажеті жоқ.
Қазір тойлар ұлттық дәстүрлерге сай өтеді деп айта алмаймыз, бірақ ұлттық элементтерді сақтауға тырысып жатқаны анық. Ұлттық болмысын, тілін, мәдениетін сақтай

алған халық – мықты халық. Сондықтан тойлар көп болса – балалар да көп, халық саны артады, демография жақсарады, еңбекке қарамды халық көбейеді, экономика дамиды. Сол кезде бәріміз жақсы өмір сүретін боламыз, – деп түйіндеді экономист Мағбат Спанов.
«ТОЙ ҰҒЫМЫ ТЕРЕҢ ТАЛДАУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ»
Қазақстандық қоғамдық даму институтының сарапшысы Темірлан Төлеудің айтуынша, көбіне ысырапшылдық ұғымы дәстүрлі қоғамға тән. Той, қыз алып қашу болсын – әлеуметтік практикаға жатқызамыз.
– Заманауи тұтынушы қоғамда бұны рационалды немесе рационалды емес деп қарастырып, жіктесек жөн болатын секілді. Жалпы, той ұғымы терең талдауды қажет етеді. Әр адамда ол ұғым әртүрлі. Тойдың заң негізінде немесе парадигма бойынша өлшемі жоқ.
Тойды тек қазақ қоғамына қатысты ұғым ретінде қарастыру – қате. Мысалы, біз классика ретінде Торстейн Вебленнің Америкада 1899 жылы шығарған «Думаншыл халық теориясы» еңбегін атаймыз. Ол сол еңбегінде байыған адамдарға әлеуметтік талдау жасаған.
Біз тойларды шектей алмаймыз, оның үстіне біздің қолымызда толыққанды статистика жоқ. Қанша той өтті, қанша адам қатысты, шығыны – бәрін нақты есептеу мүмкін емес. Барлығы біздің сырттай және іштей бақылау арқылы субъективті пікірімізге негізделеді, – дейді сарапшы.
Темірлан Лұқманұлының сөзінше, «басқадан асып түсу» деген ниетпен той өткізу адамдардың жеке көзқарасына және материалдық жағдайына байланысты болуы мүмкін. Бұл жерде тағы бір өзекті мәселе бар: қазір елімізде қала халқының үлесі 60 пайыздан асып кетті. Қалада тұратын отбасылар аса үлкен емес, көбіне 1-2 баласы болады. Бұл балаларға той жасап беруді ата-аналар білім беру, денсаулық секілді базалық міндеті ретінде қарастырады.
– Менің ойымша, той арқылы мәртебе жинау ішкі топтардың өз заңдылықтарына орайластырылған. Ата-аналар оны «біреуден кем түспеу үшін» емес, міндеті ретінде санайды. Кей жастар той өткізуді қаламайтын болса, олардың қай категорияда екенін анықтау қажет: қалада туып-өскен жастар ма, әлде ауылда туып, қалаға көшіп келген жастар ма? Сол секілді той жасауды құл көретін ата-аналардың категориясын да нақтылауымыз керек, – деп қосты Қазақстандық қоғамдық даму институтының маманы.
Осы тұста әлеуметтанушы Темірлан Төлеу 2023 жылы Қазақстанның барлық аймағын қамтып, 2400 респондент қатысқан дәстүрлерге қатысты әлеуметтанулық зерттеу жүргізгендерін атап өтті.
Сол сауалнамада әрбір 3-ші адам қаржылық жағдайы жетпей тұрса да той жасауды құптайтынын айтқан.
– Осы мәліметке қарасақ, шамасына қарамай той өткізу әлі де халықтың белгілі бір бөлігіне өзекті. Бірақ менің ойымша, бұл әлеуметтік практиканың жаңа бір формасы пайда болуы мүмкін. Кезінде ресторанда той өткізу де жаңа практика болған.
Оның алдында мектептегі асаналар мен мәдениет үйлерінде өткізуші еді, – деп түйіндеді сарапшы.
Қорыта айтқанда, тойшылдық жайына қатысты талқы мен талас көп болғанымен, ешкім де біржақты үкім айта алмасына көз жетті. Дәстүр, қоғамдық дағды секілді басымдықтар тұрғанда, қаржы шығындап той өткізуден адамдар әлі бас тарта қоймайды.
Мадияр ТӨЛЕУОВ, kaz.inform.kz

СЫРЫМ БАҚТЫГЕРЕУҰЛЫ

ТАҢҒЫ ШЫҚ ЖӘНЕ КӨЗ ЖАСЫ

1989 жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрген библиографиялық көрсеткіште жарияланған алғысөзінде медицина ғылымының докторы, С.Асфандияров атындағы Алматы медицина университетін ұзақ жыл басқарған белгілі ғалым, медицина ғылымының докторы Е.Б.Белозеров: «... тағдырдың осындай соққысын көрген ол 1937 жылғы нәубетте де қудалауға ілікті» дейді. Белгілі ғалым бекер айтып отырған жоқ. Бірақ, ол бұл тақырыпта ешқашан шешіліп сөз қозғаған емес.

Техникумда да, институтта да қатар оқыған Хамза Жұматовтың жоғарыда аталған атышулы мақаласын, елдің бас газеті «Еңбекші қазақтың» (қазіргі «Егемен Қазақстан» - С.Б.) ішкі айқарма беттерінің бірін И.В.Сталин, екіншісін И.Қарағұлов алып жатқан нөміріне беймәлім үреймен ұзақ қарағаным есімде.

Елдің бас газетінде қазақтың жас комиссарының «отыз жеті нәубетінің» бас дирижірімен қатар тұрып, Кеңестік империяның «коммунизм құруды қиял-ғажайып ертегісіне» бергісіз бағдарламалық ой-толғаныстарын оқығанда, «жеке басқа табынудың» сай-сүйегінді сырқыратын сұмдықтарын енді ғана біліп, диктаттық төртіпке жан-дүниесімен қарсылық психологияда қалыптасып келе жатқан ұрпақ өкіліне, жеке танымымда бір-біріне кереғар тұлғалардың сырлас-мұңдас достарша қатарласа тұра қалуы қалай әсер ететінін оқырман түсінетін шығар деп ойлаймын.

Екеуі де халық депутаты. Екеуі де халық сенімін ақтағысы келеді. Қалай ақтанды, оны өмір кейін көретті. КСРО Жоғарғы Кеңесінің бірінші шақырылымында Мәскеуде, Кремль қабырғасында И.В.Сталин бастаған көсемдер шоғырымен кездесіп, суретке түсуді зор мәртебе тұтып оралған жас комиссар, жылға жетер-жетпесте сол көсемдер идеясымен, белгілі ғалым Е.С.Белозеров айтқандай, тоталитарлық өктемдіктің шырмауына ілікті де, комиссарлық қызметпен қош айтысып, таза ғылыми бағытқа бұрылып кетті.

Бірақ, бұл кезде, кәдімгідей көзі ашылып қалған қарапайым қорықшының қайраткер баласы, қазақ даласының мұңынан ғаламдық ой кеңістігіне шығып, зиялылар қатарында елдік күрес мәйданына еркін қосылып үлгерген-ді. Алайда, нақ осы қасиет, ғылым, ғылым деп, адами, рухани саланы көкесп жүрген жігітті бәрібір, сол күндердің сұрапыл соғыс соқпағымен иіп әкеп, әлеуметтік-ғылыми сұрлеуге қосты. Республикадағы арнайы әскери бөлімшенің комиссары қызметін атқарып жүрген жерінен, КСРО Қарулы Күштері ғылыми-зерттеу институтына әскери қызметке шақырылды. Соғыстың алғашқы күндерінде-ақ майданға сұранып, аттанайын деп тұрған жерінде, беймәлім біреулердің араласуымен, соғысқа бара алмай қалып еді, ниеті ақ екен, енді фашизммен күресудің қолына қару ұстаған түрімен емес, басқа, ғылыми ауыр, күрделі қырымен күресуді қалаған, көпшілікке мүлдем құпия соқпағына салды да жіберді.

Дастархан тірлігі Надежда Константиновнаның билігіне көшіп, отбасы қызығы қайтадан жанданғандай болғанмен, жас өкенең жүрегі қызын ойлаған мұңнан арылмай-ақ қойды. Соғыс дүрбелеңі күн мен түннің алмасуын ұмыттырып

жіберген аласапыран уақытта, Мариясы шырылдап көз алдында тұрып алды. Фашистер қара бұлттай қаптап келіп, Москваға шүйлікті. Москва жау қолына өтсе, әлі тұсауы кесілмеген сәбиін енді көре ала ма, жоқ па? Шыдамады, уақыт тауып, жолға шықты. Одақ астанасы ана жерден де бұрқ-бұрқ, мына жерден де бұрқ-бұрқ, аспаны оқ қарудың үңгісінен бұрқырай атылған қара түтіңге толып кеткен.

Мәскеуліктердің қабақтары қара түтіннен бетер түнеріп алған. Мұндайда, кімнің қайда жүргенін дөп басу қияметтің қиыны. Мариясы жатқан физиологиялық орталық та, көшіп кетіпті. Одақ депутаты емес пе, таныстарының арқасында қызын азар деп тауып алды. Мәскеуге оралып, қайда барарын білмей аңтарылғанда, Колпачный көшесіндегі №6 үйде тұратын апасындай болып кеткен ескі досы Ольга Владимировна Васильевская есіне түсті.

Құдай ондағанда, Ольга Владимировна ешқайда кетпепті. Не көрсе де, мәскеуліктермен бірге көрмекші екен. Декабристің қызы, әке рухымен тәрбиеленген әйелдің үйінде Ишанбай бұрын Қытайдың, Вьетнамның, Болгарияның, Чехословакияның өр мінезді біраз адамдарымен кездесіп, қазақ даласындағы от-жалынға оранған қарсылық қақтығыстары жайлы талай сыр шертіскен-ді.

Болгарияның халық батыры Иван Марич Ивановпен де, Чехословакияның белгілі ғалымдары Павел Мацух, Карел Раска, Кветуша Броздалармен де осы үйде танысып еді. Тіпті, Серго Константинович Орджоникидзениң туған інісі Константин Константинович Орджоникидземен де осы декабрист қызының шаңырағында кездесіп, достасып кеткен-ді.

Ольга Константиновна, әдеттегідей, құшағын жая қарсы алды. Алайда, кездесу қуанышы ұзаққа созылмады, әуе дабылы қағылды да, жұртты, ең алдымен балалы аналарды тақау жер астында паналайтын орынға шақырып жатты. Сондағы ауыр күйді суреттеуге тілім жетпейді. Адам боп қара жерді басқалы, өкенең сәбиге деген соқыр махаббатының қалайша шырақша жарқырағысы кел, жүрек түкпірінде қалай бұлқынса да түксиген тағдыр оған титтей де мүмкіндік бермегендіктен, амалсыз тұншықан әкелік күйді өзге адам толық сезіне ала ма?!. Сондықтан ондай сезімді, сөл де болса, өзгенің жүрегіне жетуі үшін, ол жауапкершілікті сол өкенең, Ишанбай ағаның өзіне бердім.

«Жер астында лық толған адам, көпшілігі отыруға ыңғайлы жер іздеп жүрген емшек жасындағы нәрестелерін құшақтаған жүдеу әйелдер. Бірақ мен сияқты баласын құшақтап, әлдилеп жұбатып жүрген ер адамды кездестіре алмадым.

Содан болар, маған таңдана қараған қараушылар аз болған жоқ, - деп жазыпты есетелігінде Ишанбай аға. - Біраздан соң балам оянып, жылай бастады. Өзімше астын құрғатып, әлдиілеп шайқап қоямын, бірақ ол жылауын қоймады. Байқасам, қызым тамақ сұрап жылап жүр екен. Кеудеме қанша қысып, жұбатқаныммен, жылағанын қоятын бала жоқ. Менің сорыма әуе дабылы ұзаққа созылып кетті, жер үстіне шығуға рұқсат жоқ. Ауру баланы өлтіріп алам ба деген қауіп туа бастады. Жан-жағыма алақтап қарап тұрғанымда,

көзім шетірек отырып, баласын емізе бастаған бір әйелге түсті. Мен әйелге қызымның жағдайын түсіндірдім. Әйел мені түсініп: «Ұстай тұрыңыз», - деді де, ұлын маған беріп, Марияны емізе бастады. Бір кезде екі көзі ұясынан шығып, шошынып қызымды өзіме лақтырып тастағандай тез қайырып берді.

Байқасам, аш бала емшек ұшын қатты сорған екен. Мұны маңайындағы басқа әйелдер де байқап қалып, маған бұрынғыдан да қарағыштай берді. Қызым жылай берген соң, басқа жақты да жағалап жүріп, осы қайырымды ана болар-ау дегендеріне шынымды айтып, біреулерінен тамақтың қалдығын, біреулерінен сауған сүтінің артығын сұрап алып, баламды алдарқата бастадым. Қызыма жаны ашып, емшегін емізген аналар аз болған жоқ. Кейінірек есептесем, сол жер астын паналап отырғанда сексен-тоқсаннан аса ананың емшегін емген екен».

Ишанбай аға сол сапарда поезбен тоғыз тәулікке жуық жол жүріп, Алматыға азар жетті. Жолдағы жеке басты ауыртпалық өз алдына, кешегі комиссарды, бүгінгі одақтық халық қалаулысын басқа да мемлекеттік буын асыға күтулі еді. Өйткені, КСРО Қарулы Күштері ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкеріне жүктелетін міндет ерекше тосын-тын.

Жау Москваны қоршап, енді Сталинградты тас-талқан ету үшін жанталасып жатқан-ды. Аз уақытта әлемдік қуатты қоғамға айнала бастап, ең басты қарсыласы осы болады-ау деп қауіптендірген кеңестік одаққа фашизм ғана емес, шығыстан самурай, батыстан капиталистік менмен билік те ашу-ызамаң түйіле қарауға көшіп еді. Мұндайда, жер беті қаруымен қорғану мүмкін емес-ті. Және, әлемді адамзатты құртудың жаңа әлеуетті қаруы құпия, өте құпия зертханаларда сынала бастағаны жайлы ұдай хабар көпке белгісіз болса да, қолында темір билік бар аз шоғырдың талқысына түсіп кеткен-ді. Міне, осы аз шоғырға құпия, мүлдем құпия таспырманы орындайтын саусақпен санарлықтай мамандар іздестірілгенде, сол таңдаудың бірі Ишанбай-ға түсті. Мұндайда, «қайтеді, тағдыр ғой, әке емес пе, от құшып, өртеніп жатқан қалада құдайдан тілеп алған жалғыз тұншықан әкелік күйді өзге адам толық сезіне ала ма?!. Сондықтан ондай сезімді, сөл де болса, өзгенің жүрегіне жетуі үшін, ол жауапкершілікті сол өкенең, Ишанбай ағаның өзіне бердім.

«Жер астында лық толған адам, көпшілігі отыруға ыңғайлы жер іздеп жүрген емшек жасындағы нәрестелерін құшақтаған жүдеу әйелдер. Бірақ мен сияқты баласын құшақтап, әлдилеп жұбатып жүрген ер адамды кездестіре алмадым.

Содан болар, маған таңдана қараған қараушылар аз болған жоқ, - деп жазыпты есетелігінде Ишанбай аға. - Біраздан соң балам оянып, жылай бастады. Өзімше астын құрғатып, әлдиілеп шайқап қоямын, бірақ ол жылауын қоймады. Байқасам, қызым тамақ сұрап жылап жүр екен. Кеудеме қанша қысып, жұбатқаныммен, жылағанын қоятын бала жоқ. Менің сорыма әуе дабылы ұзаққа созылып кетті, жер үстіне шығуға рұқсат жоқ. Ауру баланы өлтіріп алам ба деген қауіп туа бастады. Жан-жағыма алақтап қарап тұрғанымда,

(Соңы. Басы алдыңғы сандарда)

ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТІ ЕСКЕРТЕДІ:

ұлтаралық араздықты қоздырғаны үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған

Полиция департаменті ұлтаралық араздықты қоздыру — әртүрлі этностық және ұлттық топтар арасында өшпенділік, жеккөрушілік немесе алауыздық тудыруға бағытталған әрекеттер екенін еске салады. Мұндай әрекеттерге үгіт-насихат жүргізу, экстремистік мазмұндағы әдебиеттерді тарату, сондай-ақ халықтар арасында араздықты қоздыратын кез келген қоғамдық немесе интернеттегі мәлімдемелер

жатады. Әсіресе әлеуметтік желілердегі арандатушылық сипаттағы жазбалар мен пікірлерге ерекше назар аударылады. Мұндай әрекеттер Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша қылмыс болып саналады. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 174-бабына сәйкес, әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни алауыздықты қоздырғаны

үшін 2 жылдан 7 жылға дейін, ал ауыр зардаптарға әкелген жағдайда 12 жылдан 20 жылға дейін бас бостандығынан айыру түріндегі жаза қарастырылған. Полиция департаменті азаматтарды асығыс және жауапсыз қоғамдық мәлімдемелерден бас тартуға, сондай-ақ еліміздегі бейбітшілік пен тұрақтылықты, ұлтаралық келісімді сақтауға белсенді түрде үлес қосуға шақырады.

ДЕПАРТАМЕНТ ПОЛИЦИИ ПРЕДУПРЕЖДАЕТ:

за разжигание межнациональной розни предусмотрена уголовная ответственность

Департамент полиции напоминает, что разжигание межнациональной розни — это действия, направленные на возбуждение вражды, ненависти или розни между различными этническими и национальными группами. К таким действиям относятся пропаганда, агитация, распространение экстремистской литературы, а также любые публичные или онлайн-вы-

сказывания, провоцирующие вражду между народами. Особое внимание обращается на высказывания в социальных сетях, где подобные действия также рассматриваются как преступление. Согласно статье 174 Уголовного кодекса Республики Казахстан, за разжигание социальной, национальной, родовой, расовой или религиозной розни предусмотрено

наказание в виде лишения свободы от 2 до 7 лет, а в случае тяжких последствий — от 12 до 20 лет лишения свободы. Департамент полиции призывает граждан воздерживаться от необдуманных публичных заявлений и активно способствовать сохранению мира, стабильности и межнационального согласия в обществе.

ЕСІРТКІДЕН ҚОҒАМҒА ҚАУІП КӨП!



Нашақорлық – қазіргі заман-ның ең үлкен түйткілдерінің бірі. Ол тек жеке адамның денсаулығына зиян келтіріп қана қоймай, қоғамға да ауыр зардаптар әкеледі. Нашақорлықтың әлеуметтік, экономикалық және құқықтық аспектілері бар, сондықтан оны тек медициналық мәселе ретінде қарастыру жеткіліксіз. Бұл дерт пе, әлде қылмыс па деген сұраққа жауап беру үшін, біз нашақорлықтың барлық қырларын қарастыруымыз қажет.

Нашақорлықтың пайда болуының көптеген себептері бар. Ең алдымен, бұл психологиялық және әлеуметтік факторлармен байланысты. Кейбір адамдар стресс, депрессия немесе басқа психикалық аурулармен күресу үшін есірткіні пайдалана бастайды. Сонымен қатар, әлеуметтік орта, отбасының ықпалы және экономикалық жағдайлар да нашақорлықтың таралуына ықпал етеді. Жастар арасындағы нашақорлық көбінесе қызығушылықпен басталады. Нашақорлықтың таралуына байланысты ақпараттық технологиялар мен интернеттің рөлі де маңызды. Есірткі са-тушылар интернет арқылы өз өнімдерін оңай таратады, ал бұл өз кезегінде есірткіге қол-жетімділікті арттырады. Әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы есірткілердің жарнамасы мен сатылымы жүргізіледі, бұл әсіресе жастар үшін қауіпті. Нашақорлықтың денсаулыққа зияны орасан зор. Есірткілер адамның миы-на, жүрек-қан тамырлар жүйесіне және басқа органдарына кері әсер етеді. Нашақорлар жиі инфекциялық ауруларға,

әсіресе, ВИЧ/СПИД пен гепа-титке шалдығады. Сонымен қатар, есірткіні ұзақ уақыт қолдану психикалық денсаулыққа да зиян келтіреді, бұл депрес-сия, галлюцинациялар және басқа да психикалық бұзылу-ларға әкелуі мүмкін. Нашақорлықтың физикалық әсерлері де өте ауыр. Есірт-кі адамның иммундық жүйе-сін әлсіретіп, организмнің түрлі ауруларға қарсы тұру қабілетін төмендетеді. Есірт-кілердің ұзақ мерзімді қол-данылуы ағзаның маңызды функцияларын бұзады, бұл өмір сүру ұзақтығын қысқар-тады. Нашақорлар арасында өлім-жітім деңгейі жоғары, се-бебі есірткілерді шамадан тыс қолдану, мөлшерден асыру және басқа да қауіпті жағдай-лар жиі кездеседі. Нашақорлықтың қоғамға әлеуметтік және экономика-лық әсері де айтарлықтай. Ең алдымен, нашақорлар жұмыс істеу қабілетін жоғал-тады, бұл олардың өз отба-сыларына және қоғамға ауыр-ртпалық түсіреді. Екіншіден, нашақорлар жиі қылмысқа барады, өйткені есірткіге тәу-елділік оларды заңсыз әре-кеттер жасауға мәжбүрлейді. . Нашақорлықтың отбасыға да әсері үлкен. Нашақорлар жиі отбасылық жанжалдарға, ажырасуларға және балалар-дың жетім қалуына себеп бо-лады. Бұл мәселе әсіресе ба-лалар үшін ауыр, себебі олар ата-аналарының нашақор-лыққа тәуелділігінен зардап шегеді. Балалар психологи-ялық тұрғыдан зардап шегіп, өздерін жалғыз сезінеді, бұл олардың дамуына кері әсерін тигізеді. Нашақорлықпен күресудің тиімді жолы – емдеу және ре-

абилитация. Бұл процесске медициналық көмек, психо-логиялық қолдау және әлеу-меттік реабилитация кіреді. Емдеу процесі әрбір нашақор үшін жеке түрде жоспарлануы қажет. Медициналық тұрғы-дан, есірткіні тоқтату үшін де-токсикация, дәрі-дәрмек-пен емдеу және психотерапия қолданылады. Детоксикация кезеңінде организмнен есірткі заттары шығарылады, бұл кез-еңде медициналық бақылау қажет. Дәрі-дәрмекпен емдеу есірткіге тәуелділікті азайтуға және аурудың симптомдарын жеңілдетуге көмектеседі. Психотерапия нашақорлар-дың психологиялық мәселе-лерін шешуге, олардың мо-тивациясын арттыруға және есірткіге деген тәуелділіктен құтылуға көмектеседі. Реабилитация процесінде на-шақорларды қоғамға бейімдеу, оларды жұмысқа орналасты-ру және әлеуметтік қарым-қа-тынастарын қалпына келтіру маңызды. Отбасылық терапия арқылы нашақорлар мен олар-дың жақындары арасындағы қарым-қатынастарды қалпына келтіруге және жақсартуға бо-лады. Нашақорлықпен күресу үшін медициналық, әлеумет-тік және құқықтық шараларды үйлестіріп, жаңа стратегиялар мен бағдарламаларды енгізу керек. Сонымен қатар, қоғам-ның әрбір мүшесі бұл күреске өз үлесін қосуы қажет. Қоғам-ның әрбір мүшесі бұл күресте өз үлесін қосып, нашақор-лықтың зардаптарын азайтуға атсалысуы қажет. Тек осындай бірлескен күш-жігер арқылы ғана біз нашақорлық мәселе-сін тиімді шеше аламыз.

Айгүл МАЙЛЫБАЕВА, Салауатты өмір салтын қалыптасыру маманы.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1423 дана. Тапсырыс 706 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

АТА-АНАЛАРҒА ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ ҰЙЫМДАРЫН
ТАҢДАУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР!

Оқушылар үшін жылдың ең сүйікті мезгілі - жаз және жазғы демалыс. Бұл балалардың дамуына, тәрбиесіне, денсаулығына өте маңызды рөл атқарады. Барлық ата-аналар бұл уақытты балаға қызықты және қаланың шуынан тыс жерде өткізуді қалайды. Демек, жазғы лагерьді таңдаудың уақыты келді. Лагерьде демалу - тек қарапайым жазғы демалыс емес, ол баланың өсіп-өркендеуі үшін маңызды қадам.

Лагерь - балаға тәуелсіз және жауапты болуға көмектесетін қағдайда да бір еркіндік берудің керемет мүмкіндігі. Лагерьде бала қарым-қатынас дағдыларын меңгеруге, командамен жұмыс істеп үйренуге, достар шеңберін кеңейтуге мүмкіндік алады. Жазғы сауықтыру ұйымдарының негізгі міндеті – балалардың қауіпсіз демалуын және сауықтыруын қамтамасыз ету.

Жазғы сауықтыру лагерьлерінің (қала сыртындағы лагерьлер) ашылуы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 10тамыздағы №78 бұйрығымен бекітілген «Балалардың сауықтыру және санаторий объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының талаптарына сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды болған жағдайда жүзеге асырылады.

Жазғы лагерьді таңдаған кезде төмендегідей талаптарды ескеру қажет:- сауықтыру лагерьінің қызметі бойынша санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы бар екендігіне көз жеткізу; - балалардың жатын бөлмелерінің жағдайына назар аударыңыздар.

Балалар бөлмелері кең, жарық, жөндеуден өткен, тұруға жайлы және ойын ойнауға қажеттінің бәрі болуы керек.

Бөлмеде қанша бала бар

ЖАЗДА ҚАУІП ЕКІ ЕСЕ КӨП!

«Тілсіз жау» қай уақытта да қауіпті! Бірақ, жазда қауіп екі есе көп. Өрттердің алдын-алу мақсатында ай сайын аудандық газетке мақалалар беріліп, Төтенше жағдайлар бөлімі қызметкерлері аудан көлемінде өрттердің алдын-алу мақсатында атқарылған түрлі шараларға қарамастан аудан көлемінде өрт оқиғалары әлі де азаймай келеді. Жоғарыда айтылғандардың негізінде Өрт қауіпті кезеңдегі өрт қауіпсіздік ережелерін ұсынамыз.

Орман дала алқаптарында өртті болдырмау үшін:

- далалық алқаптарда от жағуға, жанар-жағармай заттары сіңген сұрты материалдарын тастауға, тез тұтанатын және бықситын материалдарды тастауға тыйым салынады.
- шөп шабу жұмыстарын жүргізу кезінде әрдайым өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң түрде сақтау;
- шөп шабуға жұмылдырылатын техникалар мен агрегаттарды техникалық байқаудан өткеннен кейін ғана қолдану;
- техникалар мен агрегаттарды алғашқы өрт сөндіру құралдарымен толық мөлшерде қамтамасыз ету;
- облыстық және жергілікті маңыздағы автокөлік жолдары бойында темекі тұқылын тастамау;
- табиғат аясында демалыс уақытын өткізу және кезекпен мал бағу кезінде от жақпау, темекі тұқылын сөндірмей тастамау және тез тұтанғыш қоқыстарды шашпау қажет;
- мал қыстақтарындағы мал баздарының сыртқы аумағындағы жерлер үйілген шөп скирдтерінің айналасы жыртылып симмен қоршалуы тиіс;
- пішен маяларының электр желілерінің жақын орналасқан жерге жинауға тыйым салына-

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

екенін, терезелер ашылатынын, қаншалықты жиі тазаланатыны туралы сұрастыру қажет. Өйткені, бір жатын бөлмедегі орын саны бір балаға 4 м2 есебінен көзделеді. Жақсы көңіл-күй мен әл-ауқат ғана емес, кейде баланың денсаулығы да осы кішкентай нәрселерге байланысты болады. Сондықтан, лагерьдегі балалардың тамақтануына назар аударыңыз.

Тамақтану арасындағы интервал 3,5 - 4 сағаттан асырмай, қосымша екінші таңғы ас немесе кешкі ас бар кемінде бес реттік тамақтандыру көзделеді. Тамақ арасындағы аралықта ас мәзіріне қымызды немесе қышқыл сүт өнімін енгізу ұсынылады. Объекті басшысы бекіткен перспективтік маусымдық (жаз-күз, қыс-көктем) екі апталық мәзір жасалады.

Мәзір жасау кезінде өңірде шығарылатын отандық өнімдер ассортименті ескеріледі. Балаларды тамақтандыру рационалында витаминді-минералдық кешенмен байытылған тамақ өнімдері көзделеді (темірмен байытылған ұн, йодталған тұз, йод пен және басқа да микроэлементтермен байытылған қышқыл-сүт өнімдері және т.б.). Ата-аналар өнімдердің сапасына сенімді болуы керек, сондықтан ұсынылған мәзірмен алдын ала танысуға болады. Балаларды оңалту кезінде қатайту және қалпына келтіру процедураларына көп көңіл бөлу керек (ваннаға түсу, ауа ванналары, таза ауада таңертеңгілік жаттығулар, аяққа контрастты су құю, қырлы тақтаймен жүру). Балаларыңыз үшін жақсы, пайдалы және қызықты демалыс тілейміз!

Ғ. ҚҰБАЕВ,
Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

АУЫЛДЫҒ ГҮЛДЕН КӨМЖЕРІП...



«Гүлденсе ауыл, гүлденеміз бәріміз!». Бейімбет Майлиннің бұл тәмсілінің ел ішінде айтылып келе жатқанына бір ғасырдан аса уақыт өтсе де, әлі күнге дейін еш маңызын жойған жоқ. Мұны қазақ ауылының бүгінгі бет-бейнесі мен онда еңбек ететін тұрғындардың күнкөріс деңгейі арқылы байқаймыз.

«Таза Қазақстан» акциясының да мақсаты да ауылдың ажарын ашу.

Сол ауылды «гүлдендіруге» ұмтылып жүргендер бұрын да болды, әлі де бар. Солардың бірі – біздің жерлесіміз, белгілі кәсіпкер, аудандық кәсіпкерлер кеңесінің мүшесі Спартак Төремұратов.

Туған жерге ту тігіп, адал еңбегімен сан биікті бағындырған оның бір ғана мақсаты – «даланы асқақтатып, ауылды аластартпау!» Осы орай-

да орамды ойларын талай ортада айтып, өзі бастап үлгі болып жүр. Биыл да көктемде көптен ойда жүрген шаруасын қолға алды.

«Ауылдың көркін ашатын да, келбетін келісті етіп, әрін арттыратын да – оның тазалығы мен жайқалған жасыл желегі. Бұл екеуі болмай ауылға сән кірмейді, тірлігі алға баспайды» - дейтін Спартак сондықтан да, ауыл шырайын шұғылалы ету мақсатында «Таза Қазақстан» акциясына ешкім айтпай-ақ, ықыласымен атсалысты.

Яғни, ауылдастарына 100 түп жеміс ағашы мен 100 түп раушан гүлін тегін таратты. Бәріне де оны отырғызудан бастап күтіп-баптау жолдарын толық түсіндіріп кетті.

Бірақ, соған қарамастан күтімі кемшін болып көшеті көктемей қалғандары да бар.

Дегенмен, жеміс ағаштары түгел жерсініп, бой алып кетсе, раушан гүлдердің 70 пайызы аулаларға сән беріп тұр. Міне, ауылдың көшін «аудармай», алға жетелейтін осындай азаматтар.


Өйткені, «Жұлдызым көкте, бақытым елде, несібем жерде» - дейтін Спартактың өз ауылына шын жаны ашитын азамат екені сөзінен де, ісінен де көрініп тұр.

Туған жерін түлетуге атсалысып, туып-өскен ыстық ұясы – туған ауылына деген махаббатын адал еңбегімен айқындаған азаматтың игі істерін айтып тауысу мүмкін емес.

С.ХАМЗИН,
Ойыл селосы.

ТУБЕРКУЛЕЗ ЖӘНЕ ОНЫ АЛДЫН АЛУ

ТУБЕРКУЛЕЗ КӨБІНЕ ТЫНЫС АЛУ МҮШЕЛЕРІН (ЕҢ БАСТЫСЫ ӨКПЕ МЕН БРОНХТЫ) ЗАҚЫМДАЙДЫ, БІРАҚ БАСҚА ДА МҮШЕЛЕРДІ ЗАҚЫМДАУЫ МҮМКІН, МЫСАЛЫ, СҮЙЕКТЕР МЕН БҰЛШЫҚЕТТЕР. ОСЫ АЙЫР-МАШЫЛЫҚТАРЫНА ҚАРАЙ ТУБЕРКУЛЕЗДІҢ ЕКІ НЕГІЗГІ ТҮРІ БАР: ӨКПЕ ТУБЕРКУЛЕЗІ ЖӘНЕ ӨПЕДЕН ТЫС ТУБЕРКУЛЕЗ.



Өкпе туберкулезі ұзақ уақыт бойы симптомсыз өтеді және флюорография немесе кеуде жасушасын рентген суретіне түсірген кезде анықталады.

ТУБЕРКУЛЕЗДІҢ БЕЛГІЛЕРІ

- жөтелу және қақырықтың бөлінуімен жөтелу, кейде қанмен;
- ұзақ уақыт бойы 37-37,5 градусқа дейін дене қызуының жоғарлауы;
- тез шаршау және әлсіздіктің пайда болуы;
- тәбеттің болмауы немесе азаюы, салмақ түсіру;
- көп терлеу, әсіресе түнде;
- денеге кішкене жүк түсірген кезде енгіте бастау.

Аталғандардың бір белгісі немесе екі немесе үш белгісі болуы мүмкін. Міндетті емес белгілердің бірі жөтел болады. Үш аптаның ішінде жоғарыда аталғандардың біреуі адамдар кезде бірден терапевт немесе фтизиатр дәрігерге шұғыл бару керек.

Туберкулезді ерте анықтау және дұрыс емдеу кезінде жұқтырған адамдар бактерия таратуды тоқтатады және емделуі мүмкін.

АУРУ ҚАЛАЙ ТАРАЛАДЫ?

Халық үшін негізгі қауіп өкпе туберкулезі, өйткені ауруды тарату жолы –ауа-тамшы арқылы. Дені сау адам туберкулезбен ауыратын науқас жетелген, түшкірген және онымен сөйлескен кезде жұқтыра алады.

Туберкулездің ашық түрімен ауыратын бір науқас 24 сағат ішінде он миллиард бактерия бөледі, жөтелген кезде ауа арқылы таралады және қоршағандарға жұқтырады.

Туберкулезбен ауыратын жа-

нуарлардан сүт өнімдерін пайдалану кезінде болмашы жұқтыруы мүмкін.

ТУБЕРКУЛЕЗ:

- қол алысу
- ортақ дәретхананы қолдану
- ыдыс-аяққа, төсек-орын мен киімге жанасқан кезде жұқпайды.

ТУБЕРКУЛЕЗБЕН КІМ АУРУЫ МҮМКІН?

Туберкулезбен ауыратын науқастармен байланыста болған кез келген адам туберкулезбен ауруы мүмкін. Байланыстың жақын болғанына қарамай, ауру қауібі жоғары болады. Негізінен, туберкулездің дамуына ағзаның қорғаныш күштерінің азаюы әсер етеді: басына түскен қатты ауру, дұрыс тамақтанбау, күйзелісті жағдайлар, АИТВ-инфекция. Туберкулезді әсіресе мектеп жастағы балалар мен егде адамдар қабылдайды. Бірақ туберкулезбен ауыратын науқастармен байланыс жасаған адамдардың барлығы ауырмайды. Ағзаны қорғауға және сол немесе басқа аурулардың пайда болуына иммунитеттік жүйе жауап береді. Туберкулездің дамуы мен өршуі ағзаның әлсіз иммунитеттік жүйесінің нәтижелері болып табылады.

ТУБЕРКУЛЕЗДІ ДАМУТҒА ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР:

- Негізгі фактор – иммунитеттің азаюы, оның себептері:
- шылым шегу;
- күйзеліс жағдайлар;
- жеткіліксіз және дұрыс тамақтанбау ;
- жаман тұрмыстық жағдай;
- маскүнемдік;
- нашақорлық;
- АИТВ/ЖИТС;

Құттықтау

ОЙЫЛ СЕЛОСЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ
СЕРІК САҒЫНҰЛЫ ҚАРТБАЕВТЫ
63 ЖАСҚА ТОЛУЫМЕН ШЫН ЖҮРЕКТЕН
ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Кішкентайымыздан бірге өсіп, жастық шағымызды бірге өткізген достарыңның ортасында зейнеткерлікке шығып жатырсың. Мектеп бітіргеннен кейін elektrik мамандығын таңдап оқуға түстің. Оқу бітіргеннен кейін ауданда бір салада жұмыс жасадың. Өзіңнің еңбегіңнің арқасында энергетика саласының басшылығына көтерілдің. Ауданда осы салаға сіңірген еңбегің зор. Қаншама қиын жағдайда су тасқыны кезінде де халықты жарықсыз қалдырмадың. Осы еңбегің үшін аудандық, облыстық, республикалық көптеген марапаттарға ие болдың. Бұл да сенің еңбегіңнің жемісі. Бауырларыңның ортасында Шолпан екеуің әкенің орнын басып, іні-қарындастарыңа қамқоршы бола білдіңдер. Бастарыңнан үлкен бір қасирет өтсе де, көтере білдіңдер. Қыздарымызды құтты орнына қондырып, құдандалы-жеқжатты болып, немере сүйіп отырсындар. Мектеп бітіріп жатқан баламыз ҰБТ-ден жақсы балл алып, қалаған оқуына түсіп кетуіне тілекшіміз. Тіл-көзден аман болып сендерді қуанта берсін! Достарыңның ортасында сендердің орындарың бөлек. Шолпан екеуің көп жылғы еңбектеріңнің зейнетін көріп жатырсындар. Жұптарың жазылмай, келін түсіріп, немере сүйген қуаныштарыңды бірге көруге жазсын! Бар жақсылықты тілейміз.

Игі тілекпен достарың: Ажар, Люба, Манар, Үміт, Андрей – Мауыт, Қонақбай – Ақмарал, Асқар – Айгүл, Абзал – Назира, Алтынбек – Гүлжанат, Бөкенбай – Айжан, Серікқали –Алма.

•созылмалы өкпе ауруы болуы мүмкін.

ТУБЕРКУЛЕЗБЕН АУЫРМАУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

- Салауатты өмір салты!
- Шылым шекпеңіз – ол тыныс алу жолдарының жергілікті қорғанышын әлсіретеді, ағзаның барлық иммунитетін азайтады;
- Ішімдікке салынбау – ол ағзаның жалпы қорғанышын азайтады;
- Құнарлы тамақтану;
- Жиі тексеріліңіз –Қазақстанда туберкулезді ерте анықтау үшін халықты жаппай профилактикалық флюорографиялық тексерулер өткізіледі. Зерттелу тегін;
- Вакциналау - туберкулездің таралуын ескертетін маңызды қадам. Балалар туберкулездік инфекцияларға аса жақын және екпе егілмеген балалардың туберкулезбен ауруы ықтимал.

Егер бала Манту сынамасын бағалау нәтижесі бойынша жұқтырса, аурудың анықтау үшін оны туберкулезге қарсы диспансерде қосымша тексеруді және алдын алу мақсатында, ауру дамымау үшін ем тағайындайды.

Жұқтырған балаларға профилактикалық ем міндетті түрде жасалады, ол туберкулез талшықтарының көбеймеуін тоқтатады және аурудың дамуын ескертеді. Шипажай және амбулаториялық түрдегі бейінді балалар мекемелерінде профилактикалық ем жасалады. Жұқтырған балаларда аурудың пайда болу қауібі профилактикалық ем жасаған кезде біршама азаяды.

Әсіресе қауіп тобына туберкулезбен ауыратын ата –аналар немесе туыстарымен байланыста болған балалар кіреді....

ЕМДЕУ ТУРАЛЫ БІРНЕШЕ СӨЗ

Ауыр антибиотиктер қабылдау керектігіне, жанама әсер болатынына қорықпаңыз. Қазіргі заманғы жағдайда, әсіресе ауру уақытылы анықталған жағдайда туберкулез жақсы емделеді. Ең бастысы емді үзбеу, себебі дәрі-дәрмекпен емделмеу, туберкулездің ауыр, емге қонбайтын, орнықты дамуына әкеп соқты-

руы мүмкін.

ҮЙІНІЗДЕ ТУБЕРКУЛЕЗБЕН АУЫРАТЫН АДАМ БОЛСА, НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Туберкулез талшықтарын бөлетін науқас мамандандырылған ауруханада емделеді. Ем ұзақ болады, бірақ ол туберкулезді жеңудің қажетті шарты болып табылады.

Науқасқа үйде болуға, яғни амбулаториялық жағдайда емделуге рұқсат берсе, онда ол дәрілік заттарды жиі қабылдауды жалғастыруы тиіс. Бұл кезеңде жақын адамдардың қолдауы аса маңызды. Оның үйде болуына жағымсыз көзқарасыңызды көрсетпеңіз. Оның өзіне сырқаттану күйзеліс жағдай болып табылады, әсіресе жақын адамдардың оған деген ашықтан- ашық сақтық қатынастары қосымша психологиялық зақым болады. Науқасқа осы ауыр кезеңде отбасының барлық мүшелерінің қолдайтынын білдіріңіз, бірақ отбасы мүшелеріне жұқтырмау үшін дәрігердің нұсқаулықтарын қадағалау және қауіпсіздік шараларын қолдану қажет.

ОЛ ҮШІН:

- оған бөлек бөлме бөліңіз;
- жеке ыдыс-аяқ беріңіз (оны бөлек жуу және қайнату керек);
- науқастың киім-кешектерін бөлек жуыңыз және қайнатыңыз (қайнату және үтіктеу оны зарарсыздандырады);
- науқастың бөлмесін зарарсыздандыру заттарын қолданумен ылғалды жуып-шаю жұмыстарын жиі жүргізу керек (хлор);
- Жөтелген кезде науқас ауызын қол орамалмен немесе бетпердемен жабуы керек;
- Науқастың қақырықты көше немесе жалпы қолдану орындарында емес, бөлінген ыдысқа түкіріу қажет;
- Науқастың балалармен қарым-қатынасын шектету керек (балалар туберкулезбен ауыру қауібіне жақын);
- Науқаспен байланыс жасаған барлық отбасы мүшелері, сонымен қатар адамдар туберкулезге жиі тексерулері керек. Демалу, еңбек ету режимін дұрыс қадағалағалаған, дәрігердің барлық нұсқаулықтарын орындаған жағдайда науқас тағы аман болады.

М.НҰРТАНОВА,
Фтизиатр дәрігері.